

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 тамыздағы N 1016 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қараша N 1447

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігі кәсіпорындарын жекешелендіру жөніндегі тендерлік комиссиясының шешімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 тамыздағы N 1016 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы "және Алматы облысы энергетика кәсіпорындарының" деген сөздерімен толықтырылсын;

қаулының мәтінінде "акционерлік қоғам" деген сөздер "компания" деген сөзбен ауыстырылсын;

кіріспесіндегі және 1-тармақтағы "Алматыэнерго" деген сөзден

кейін "және Алматы облысы энергетика кәсіпорындарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "1996 жылғы 10 тамыздағы сатып алу-сату Келісіміне 1996 жылғы 4 қазандағы толықтыру" деген сөздермен толықтырылсын;

2 және 4-тармақтар "және оған толықтырумен" деген сөздермен толықтырылсын;

аталған қаулының қосымшасында:

"Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігінің мүліктік кешен ретінде жабық тендерде сатылған кәсіпорындарының тізбесі мыналармен толықтырылсын:

Есік электр желілері кәсіпорны

"Алматыэнергожөндеу" өндірістік-жөндеу кәсіпорны

Алматы жылы-жай комбинаты

<\*>

Қапшағай гидроэлектростанциясы

Әлеуметтік сала объектілері

<\*>

<\*>

. Ескерту. Сатып алушының Меншік иесімен келісімі бойынша.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК